

ҚАЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ГАЗЕТТЕР.

Жоспары:

1. «Тәржіман» газетінің шығу тарихы, қазақ баспасөзіндегі орны.
2. Исмаилбей Гаспиринскийдің түрік мәдениетін дамытудағы еңбегі.

- «ТӘРЖІМАН» ГАЗЕТІ 1883 ЖЫЛҒЫ КӨКЕК АЙЫНЫҢ 10-КҮНІНЕН БАСТАП 1918 ЖЫЛДЫҢ ОРТАСЫНА ДЕЙІН ҚЫРЫМНЫҢ БАҚШАСАРАЙ ҚАЛАСЫНДА ШЫҒЫП ТҰРДЫ.

- БҰЛ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ – РЕСЕЙ ПАТШАЛЫҒЫНА ҚАРАҒАН ТӨРҮК ТІЛДЕС ҰЛТ ПЕН ҰЛЫСТАРДЫҢ АРАСЫНДА ТҰҢҒЫШ ЖАРЫҚ КӨРГЕН ІЗАШАР ГАЗЕТ БОЛУЫМЕН ҚҰНДЫ.

- БАСЫЛЫМНЫҢ РЕДАКТОРЫ ӘРІ ШЫҒАРУШЫСЫ - ӘЙГІЛІ ЖУРНАЛИСТ, ЖАЗУШЫ , ҒАЛЫМ, КӨП ҚЫРЛЫ ТАЛАНТ ИЕСІ ЫСМАЙЫЛБЕК ҒӘСПРӘЛІ (ИСМАИЛБЕЙ ГАСПИРИНСКИЙ).

- Ол «Тәржіманды» өзі түзген араб графикасындағы әліпбиі негізінде

- «Тілде, істе, пікірде бірлік!» ұранымен күллі түрік жұртына ортақ рухани пәрменді құрал деңгейіне көтеруді көздейді.

«Тәржіман» газетінің географиялық таралу аймағы:



ТҮРКИЯ, ЕГИПЕТ, ИРАН, АУҒАНСТАН,



ҮНДИСТАН, ҚЫТАЙ, МОҢҒОЛИЯ,



ФРАНЦИЯ, АЛМАНИЯ

«ТӘРЖІМАННЫҢ» АРНАУЛЫ ТІЛШІЛЕРІ:

- Мәскеу, Петербор, Қазан, Уфа, Орынбор, Павлодар, Алматы, Ташкент, Түркістан, Аштархан, Бақы, т.б. қалаларда қызмет етті.

ҮЛКЕН ОЙШЫЛ ШӘКЕРІМ ҚАЖЫ:

- «Алдында өткен, тәрбиесін көрген Абайдан соңғы ұстазым – «Тәржіман» газетінің» иесі Ысмайылбек Ғәспрәлі десем қателеспеген болар едім. Анықтық үшін сол кісінің газетін оқып, бек көп пайдаландым. Алла тағала екі дүниеде мақсатына жеткізсін. Әумин!»

«...Сол күннен бастап өршіп көбейген Россия мұсылмандары арасында бас-аяғы мыңға жуық тәртібі бастауыш мектептің бәрінің үлгісі Гаспиринский мектебі еді. Бұл күнде төте оқу үшін шығарылған неше түрлі әліппе болса, бәрі де үлгіні Гаспиринский шығарған әліппеден алған еді. Бұл күнде он мыңға жуық мұғалімдердің бас ұстазы, жолбасшысы Гаспиринский оқушылары еді... »

А. Байтұрсынов

М. СЕРАЛИН ГАСПИРИНСКИЙДІҢ ЖАМБАСЫ ЖЕРГЕ ТИГЕН 1914 ЖЫЛҒЫ ҚЫРКҮЙЕКТЕ ҚАРАЛЫ ХАБАРДЫ ЕСТІГЕНДЕ:

«Россия мұсылмандары бірін-бірі танымай, өздерінің де кім екендіктерін біле алмай ыдырап жатқан, не дүниядан, не ғылымнан, не өнерден құралақан бір халық еді. Бұлардың ел екендігін, жұрт екендігін есіне салған біздің мұсылман дүниясынан басқа дүния барлығын көрсеткен, ол басқа дүниядағы білім-өнердің түбі біздің мұсылман бабаларымыздың қолынан шыққандығын білдірткен, он жыл оқып, бір жыл дұрыс хат жаза білмейтұғын елді бір жылда жазу танытуға мүмкін екендігін үйреткен, «тілсіз жұрт дүнияда тіршілік ете алмайды» деп, жұрттың өз тілінің өзіне қадірлі екендігін аңдатқан марқұм Ысмағұлбек Гаспиринский еді. Тілсіз жұрт-жансыз жұрт секілді екендігін аңғардық. Біз бұрын жансыз, өлі кеуде едік. Гаспиринский бізге жан бітірді, өлі денеге рух кіргізді.» - деп жазды (Жуырда орны толмастай өлім. «Айқап» журналы, 1914, №17)